

СӨЖ

Тақырыбы: Гипократ анты

Жоспар:

Кіріспе:

Негізгі бөлім

Гиппократ

Гиппократ анты

Қорытынды:

Қолданылған әдебиетер:

Гипократ жайлы жазған ғалымдар мен деректер


1. Сорон Эфесски – римдік дәрігердің еңбектерінде кездеседі. Гипократ өлімінен 400 жылдан кейін.
2. Суда X ғасыр “Византиялық энциклопедиялық сөздік”.
3. Ионна Цеца – Византиялық ақын, 12 ғасыр.
4. Аристотел, Платон және Гален еңбектерінде кездеседі.

Гипократ биографиясы

Аңыздарға сенсек Гипократ әкесі жағынан ертедегі Грек медицина құдайы Асклепияның ұрпағы, ана жағынан Гераклдың ұрпағы.

Гипократ б.з.д 460 жылы Кос аралында Эгей теңізінің шығыс жағалауында дүниеге келген. Осы аралда Гипократқа ескерткіш орнатылған.


Гипократ әкесі – дәрігер Гераклид, анасы – Фенарета. Екі ұлы – Фесалл және Драконт. 1 қызы болған, қызының күйеуі Полиб, кейін Гипократтың ізбасары.



HIPPOCRATES HIRACLIDÆ F. COVS.
Ex marmore antiquo.

*M. Fabius Johannus
F. Thomae Sculp. A. 1758.*

*Com Privilegio Regis Christianissimi
Principum Belgarum et Ord. Bataviæ*



Сорано Эфескидің еңбектерінде, Гипократ алғашында әкесінен тәлім алады, Коса Асклепияда (Ертедегі грекияда медицина құдайы Асклепия храмы, храмда адамдарды емдеу және медициналық зерттеулер жүргізілген).

Философтар Демокрит пен Софиттен білім алады.

Гипократ өзі көп саяхаттап, ізденісте болған.

Гипократтың ата-бабасының жолын қуған ұлы дәрігер.

Гипократ өз өмірін толығымен медицинаға арнаған, өмірінің соңына дейін адамдарды емдеп көптеген ғылыми еңбектер жазған.

Гипократ жасы ұлғайған жаста қайтыс болған (Әртүрлі деректерде 84 немесе 104 жасында қайтыс болған). Лариса қаласында соңғы күндері өтті.

Гипократтық корпус

Гипократ талай медицинаға байланысты ғылыми еңбектер жазып қалдырған, осы еңбектері жинақталып “Гипократтық корпусқа” біріктірілген. Гипократтық корпус 430-330 жылдары аралығында дүниеге келген.

Гипократтық корпус б.з.д 3 ғасырда Александрияда жинақталып басылады.

Гипократтық корпус бөлімдері

1. Ант
2. Ереже
3. Дәрігер
4. Әдеп
5. Өсиет
6. Өнер
7. Ертедегі медицина
8. Медициналық теория.
9. Диетология
10. Прогназдау
11. Патология және Терапия, Хирургия.
12. Акушерия және Гинекалоги
13. Афаризмдер
14. Хат

Гиппократ анты

“Гиппократ анты”-негізгі медициналық этиканың ережелер кешені, ол былай деп үндейді:

- ❖ —“Non nocere” (“Қауіп келтірме”) — басты этикалық принцип.
- ❖ Ең жоғары байлық — адам өмірі.
- ❖ Дәрігер әрбір науқастың жеке өмірін сыйлау керек, моральға жатпайтын қылықтардан аулақ болу керек.
- ❖ Дәрігер кәсіби этикасын сақтауға, өзінің мамандығын сыйлау керек.



Гипократ заманында адамды кесіп көруге тиім салынғандықтан адам анатомиясы және физиологиясы жайлы мәліметтер толыққанды болмады.

Гипократ заманында адамды емдеуде медицинада екі бағыт болды.

1. Книдская – ауру симптомдарын бөліп қарап ем қолданды.
2. Косстық – ауру себебтерін табуға тырысты соған байланысты ем қолданды. Гипократ осы бағытты ұстады.

Гипократ өз заманының алғашқылары болып аурудың пайда болу бұл құдайдың жазасы емес, бұл табиғат заңдылықтарының өзгерісінен деп айтқан. Сөйтіп медицинаны діннен бөліп жарып, жеке ғылым ретінде бөліп шығарады. Осының арқасында “медицина әкесі” атанады.

Гипократтың тағы бір зор еңбегінің бірі:

Аурудың сатылы дамидынын айтып кеткені. Ауруда дамиды деді. Аурудың ең ауыр сатысы “кризис” уақыты. Осы сатыда ауру адамды өлімге немесе әлсіреуге әкеледі, немесе адам аурудан сауығып кетеді деген.

Гипократтың тағы зор еңбегі ауруды
диагностикалау және ауру адамды
тексеру: перкуссия, аускультация,
пальпация, әрине бұларды
қазіргімен салыстыруға келмейді.

Хирургиядағы еңбегі

Гипократ еңбектерінде жараны таңу жайлы, сынықтарды емдеу, жараларды, жарақаттарды емдеу, сынықтарды салу. Операцияны жүргізу, апараттарды орнату, жарықты түсіру. Хирург ота кезінде қолын ұстау техникасы.

Диеталогиядағы еңбегі

Аурудың түріне байланысты
ауруды орынды тамақтандыру.

Қалыпты дені сау адамның
қалыпты тамақтану
ережелерінде жазған.

Темперамент

Темперамент еңбегі өте маңызды, темпераменттің 4 түрін ажыратты. Осы 4 түр адамдағы сұйықтың мөлшерлі арқатынасына байланысты адам сол темпераментте болады деді.

Қан – сангвиник.

Шырыш – флегматик

Өт – холерик

Қара өт – меланхолик

Қорытынды

Гиппократ (Ἱπποκράτης) – ежелгі грек дәрігері, көне медицина реформаторы. Ол Ежелгі Грекияның Кос аралында біздің заманымыздан бұрынғы 460 ж. туып, 377 ж. (басқа мәліметтер бойынша 356) Фессалияда дүние салған.

Гиппократ Грекияда, Кіші Азияда, Ливияда, сондай-ақ Қара теңіз жағалауындағы сақтар арасында болып, Азия және Мысыр халық медицинасымен танысқан: ол науқасты емдегенде, аурудың пайда болу жолдары мен негізгі даму кезеңдерін анықтау керек екенін айтып, «Адамзатты табиғат емдейді.

Дәрігер – табиғаттың көмекшісі ғана» деген тұжырым жасады, сондай-ақ ауыр халде жатқан науқастың кейпіне сипаттама да берген, оны медицинада *«Гиппократ кейпі» (Facies Hippocratica)* деп атайды. Гиппократ жараны таңу, буын шығуын және сүйек сынуын, геморройды, т.б. жараны емдеу әдістерін тапқан. «Гиппократ анты» деп аталатын дәрігерлік моральдік-этикалық ант мәтінін жазған. Осы еңбектеріне орай, Гиппократты «медицинаның атасы» деп атайды.